

## Орман қоры жерінің жекелеген учаскелерін елді мекендердің жері санатына ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 25 мамырдағы № 292 қаулысы

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 130-бабына және 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 51-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Шардара орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі" мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – мекеме) орман қоры жерінен жалпы ауданы 255,3 гектар жер учаскесі елді мекендер жері санатына ауыстырылсын.

2. Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен орман және ауыл шаруашылығы алқаптарын орман және ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін алып қоюдан туындаған орман және ауыл шаруашылығы өндірісінің шығындарын республикалық бюджет кірісіне өтеуді қамтамасыз етсін және алынған сүректі көрсетілген мекеменің теңгеріміне бере отырып, алаңды тазарту жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2017 жылғы 25 мамырдағы  
№ 292 қаулысына  
қосымша

## Орман қоры жерлері санатынан елді мекендер жері санатына ауыстырылатын жерлердің экспликациясы

Жер пайдаланушының атауы	Жалпы ауданы, гектар	оның ішінде:			
		орман көмкерген	орман көмкермеген	жайылымдар	өзге жерлер
1	2	3	4	5	6
Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Шардара орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі"	255,3	217,2	-	38,1	-
<b>Барлығы:</b>	<b>255,3</b>	<b>217,2</b>	<b>-</b>	<b>38,1</b>	<b>-</b>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК